

**16.1-міндет: Зорлықтың барлық нысанының таралуын едәуір азайту және бүкіл әлемде осыдан пайда болатын өлімнің көрсеткіштерін азайту**

Құқық қорғау органдары азаматтардың өмірін, денсаулығын, меншігін, олардың мүлкін қорғайды.

Біркатар бағдарламалар мен реформаларды жүзеге асыру Қазақстанның кез-келген азаматы, оның аумағында тұратын әрбір адам, өзінің жеке қауіпсіздігі, денсаулығы, мүлкі қорғалғанына сенімді болатын оңтайлы құқық қорғау жүйесін құруға жағдай жасайды.

**Барлық халық**




**16.2-міндет: Балаларға қатысты қорлық көрсетуге, оларды пайдалануға, саудаға салуға және зорлау мен азаптаудың барлық түрлеріне нүкте қою**

Қазақстанда адам саудасына қарсы күрес бойынша мемлекеттік деңгейде шаралар қабылданып жатыр, оның ішінде:

– адам саудасының құрбандарына арнайы қызметтер көрсету;

– ұзақ мерзімді паналарды қаржыландыруға мүмкіндік беретін заңнаманы қабылдау.








**17.1-міндет: Салық жинау және басқа да табыстар бойынша ұлттық мүмкіндіктерді арттыру үшін ішкі көздерден, оның ішінде дамушы елдердің халықаралық қолдауы арасында қорларды жұмылдыруды күшейту**

Тұрақты даму мақсаттарын қаржыландыру мәселелеріндегі мемлекеттік бюджет маңызды рөл атқарады және соңғы экономикалық құлдырауға қарамастан, Қазақстанның салықтық кіріс салыстырмалы түрде тұрақты екенін атап өткен жөн.






- Корпоративтік табыс салығы
- Жеке табыс салығы
- Әлеуметтік салық

**17.9-міндет: Тұрақты даму саласындағы барлық мақсаттарға қол жеткізудің ұлттық жоспарларын іске асыруға жәрдемдесу үшін, оның ішінде Солтүстік-Оңтүстік және Оңтүстік-Оңтүстік бағыты бойынша ынтымақтастық және үш жақты ынтымақтастық арқасында дамушы елдердің әлеуетінің тиімді және нысаналы арттыруды халықаралық қолдауды күшейту**

Қазақстанның дамыту мақсатында ресми көмек көрсету (ДРК) саласындағы жаһандық диалогқа және үйлестіруге қатысуының маңыздылығын ескере отырып, 2015 жылы ЭЫДҰ Қазақстанның ДЖК-ға ресми «шақырылған» мәртебесін берді.

Атап айтқанда, дамыту мақсатында ресми көмек көрсету (ДРК) желісі бойынша Қазақстан Ауғанстанға студенттерді оқыту, 60 миллион АҚШ доллардан асатын азаматтық инфрақұрылым құрылысы мәселелері бойынша көмек көрсетті.

Соңғы 20 жылда Қазақстан дамушы елдерге 540 млн. доллар шамасында көмек көрсетті.

**Қазақстан басқа елдерге көрсететін техникалық және қаржылық қолдауы**




## Сізге бұдан нақтырақ ақпарат керек пе?

Қазақстан Республикасының Тұрақты даму мақсаттарын мониторингілеудің негізгі индикаторларын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында Тұрақты даму мақсаттары көрсеткіштерінің метадеректері және қатарлары орналасқан «2030 жылға Тұрақты даму мақсаттарын мониторингілеу» бөлімінен таба аласыз.

## Сіздің тағы сұрақтарыңыз бар ма?

Тұрақты даму мақсаттары статистикасы басқармасына хабарласыңыз:

**Досанова Айнұр Сеидғалиқызы**
Басқарма басшысы
Тел. +7 7172 751625
E-mail: ai.dosanova@economy.gov.kz

**Біздің мекенжайымыз:**
Қазақстан Республикасы, 010000
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел, 8
Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
Ақпараттық қызмет +7 7172 749010, 749011
Факс +7 7172 749546
E-mail: kazstat.rk@gmail.com
Интернет-ресурсы: http://stat.gov.kz
Таралымы: 300 дана

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

www.stat.gov.kz

# Қазақстандағы Тұрақты даму мақсаттары



## Сіз білесіз бе...

- **Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі орынбасарының басшылығымен Тұрақты даму мақсаттары мәселелері бойынша 2018 жылғы қарашада Үйлестіруші кеңес құрылды**
- **Қазақстан 2019 жылғы 16 шілдеде Нью-Йорк қаласында тұрақты даму бойынша жоғары деңгейдегі саяси форум шеңберінде Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу туралы алғашқы Ерікті ұлттық шолуын ұсынды**

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанды қоса алғанда 193 БҰҰ мүше мемлекеттер 2030 жылға дейін тұрақты даму саласындағы күн тәртібі – жедел жаһандық проблемаларды шешу үшін тұрақты даму саласындағы 17 мақсат негіз ретінде алынған белсенді қайта құру жоспарын іске асыруға ресми кірісті.

2030 жылға дейінгі кезеңде Күн тәртібін жүзеге асыру бойынша прогрессті бақылау үшін ТДМ-ның әмбебап және интеграциялық сипаттамасын ескеріп, мемлекеттердің жетістігін көрсететін Ерікті ұлттық шолуларды мемлекеттер есептікті мерзімді түрде жаһандық деңгейде ұсынады.

2019 жылғы 16 шілдеде Нью-Йорк қаласында өткен саяси форумда Қазақстан «Адамдардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және олардың инклюзивтілігі және теңдігін қамтамасыз ету» атты тақырыпта Тұрақты даму мақсаттарына қолжеткізу тура-лы алғашқы Ерікті ұлттық шолуын ұсынды.

Ерікті ұлттық шолудың негізгі фокусы 6 ТДМ-ға негізделді:







**4.4-міндет 2030 жылға талап етілетін машыққа, оның ішінде жұмысқа орналасу, лайықты жұмысқа ие болу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін кәсіптік-техникалық машыққа ие жас және ересек адамдардың санын анағұрлым ұлғайту**

2018 жылдан бастап Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан-2020» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда, жастар негізгі бенефициарлар болып табылады.

Жастар АКТ-ға негізделген технолгияларды жас кезінен бастап пайдаланады, сондықтан осы сектордағы өсу және инновациялар күші бола алады.

### АК технологиялар саласындағы машыққа ие жастар үлесі




### Инклюзивті білім беру үшін жағдайын жасаған ұйымдар

**Мектеп алды дайындық**



20

**+11 ұйым**

**Жалпы білім беру**



60

**+30 ұйым**

**Техникалық және кәсіби**



30

**+15 ұйым**

**Жоғары білім беру**



50

**+38 ұйым**




**8.1-міндет Халықтың жан басына шаққандағы экономикалық өсімді ұлттық жағдайларға, атап айтқанда аз дамыған елдерде жалпы ішкі өнімнің өсімін жылына кем дегенде жылына 7 процент деңгейінде қолдау**

Қазақстанда 2010 жылдан бастап 2013 жылдар кезеңде жоғары және тұрақты экономиканың өсу қарқыны байқалған. Шикізаттың дүниежүзілік бағаларымен байланысты кері факторлардың салдарынан 2014 жылдан бастап 2016 жылдары экономикалық өсу қарқыны баяулады, бірақ 2017 жылдан бастап оң үрдісті көрсетіп келеді.

**26 мың $**

бір адамға шаққан-дағы сатып алу ...асы




### ЖІӨ өсімі




**8.3-міндет Өнімді қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылық пен инновациялық қызметке мүмкіндік беретін бағдарланған саясатты дамытуды жүргізуге жәрдемдесу мен микро, шағын және орта кәсіпорындарды, соның ішінде оларға қаржылық қызметтерге қол жеткізуді ұсыну арқылы ресми тану мен дамуын қолдау**

Кәсіпкерлікті дамыту және өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыссыз халықты өнімді еңбекке тарту 2017 жылдан бастап 2021 жылдар кезеңіне есептелген «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

2019 жылғы 1 қаңтарға шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 1,2 млн. құрады, олардың ішінде 42,7% әйелдер басқарады.

Жұмыссыздық деңгейі 4,9%-ті құрады, ал ауыл-шаруашылығы емес

### Ауылшаруашылығы емес салалар-дағы бейресми жұмыспен қамтылу



| | 2012 | 2018 |
|---|---|---|
| Барлығы | 13,4 | 8,8 |
| Ерлер | 13,2 | 9,2 |
| Әйелдер | 13,7 | 8,7 |




**10.1-міндет: 2030 жылға қарай ең аз қамтылған 40 пайызының табыс өсімін біртіндеп ел бойынша орташадан жоғары деңгейге жеткізу және сақтап тұру**

Кестеде теңсіздікті төмендету бойынша міндеттемелерге деген тәуелдлік индексінің негізгі көрсеткіштер бойынша Қазақстанның рейтингі (Commitment to Reducing Inequality).

Денсаулықты сақтау және тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларға бюджеттік шығыстардың өсуіне, әлеуметтік мәселелер рейтингтің елеулі жақсаруы әсер етті.

2018 жылы кірістердің өсу қарқынының айтарлықтай жылдамдауы байқалады (шамамен қамтамасыз етілген 40% халықтың 26%-ы). Бірақ Қазақстан Республикасындағы орташа жалақы ЭЫДҰ елдерімен салыстырғанда, бұрынғыдай төмен.

| OXFAM | РЕЙТИНГ |
|---|---|
| Негізгі | 71 |
| Әлеуметтік шығыстар | 64 |
| Салық саясаты | 119 |
| Еңбек қатынастары | 72 |

**10.3-міндет: Мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету және нәтижелер теңсіздігін, соның ішінде кемсіту заңдарының, саясаттың және тәжірибенің күшін жою және осы бағыттағы тиісті заңнаманы, саясат және шараларды қабылдауға жәрдемдесу арқылы азайту**

2002 жылдан бастап Қазақстанда - Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты, 2016 жылдан - Бала құқықтары жөніндегі уәкіл институты жұмыс істейді.

Олардың негізгі қызметі адам, оның ішінде балалар құқықтарын қорғау заңнаманы және құқық қолдану практикасын дамытуды қамтамасыз ету, ағарту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.

Бала құқықтары жөніндегі уәкіл атына 2018 жылы 946 өтініш келіп түсті, бұл 2017 жылғы көрсеткішке қарағанда 11,5% жоғары.

### Адам құқықтарын бұзу мәселелері бойынша өтініштер саны







**13.1-міндет: Барлық елдерде қауіпті климат құбылыс-тарына және табиғи зілзалаларға төзімділікті және бейімделу қабілетін арттыру**

Болашақ климатты сақтаудың маңыздылығын мойындай отырып, Қазақстан климаттың өзгеруі туралы Париж келісіміне қол қойды және ұлттық бағалау үлесі ретінде (NDC) 2030 жылға қарай парниктік газдар шығарындыларының деңгейін 1990 жылғы шығарындылар деңгейімен салыстырғанда жалпы 15%-ке азайтуды ұсынған.

Апаттар қаупін төмендету жөніндегі Сендай негіздемелік штабы шеңберінде мемлекеттік азаматтық қорғау жүйесі апаттар қаупін бағалау қағидатынан апаттар тәуекелін басқару әдісіне көшті.

**Зардап шеккендер саны**



8

адам

**-140** 2015-2018 жылдар

**Қаза болғандар саны**



1

адам

**-53** 2015-2018 жылдар

**13.3-міндет: Ағарту, ақпаратты тарату және адамдар мен мекемелердің климат өзгерісінің қауіптілігін жеңілдету және салдарларын әлсірету, оларға бейімделу және ерте ескерту бойынша мүмкіндіктерін жақсарту**



Орхус конвенциясын іске асыру жөніндегі жұмыс органының экологиялық ақпараттың мемлекеттік қоры (ЭАМҚ) (ҚОҚ АТО) құрылды.



«Болашақ энергиясы» ұранымен «Астана ЭКС-ПО-2017» көрмесі ең ауқымды ақпараттық кампания болды.



Климаттың өзгеруі мәселе-лері бойынша дағдыларды игеріп алған балалардың үлесі жыл сайын өсіп келеді және қазір 73% құрайды (2016 жылдан бастап + 60%).